





Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы бойынша
білім бөлімінің «Абай атындағы орта мектебі»КММ

КЕЛІСЕМІН: 
Әдіскер :
К.С.Тусипова
«30» 08 2021ж

ҚАРАЛДЫ: 
Бірлестік отырысында
Хаттама № 1
«27» 08 2021ж

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың бағдарламасының мазмұнын іске асыруда

«Шебер қолдар» тақырыбы бойынша мектепалды даярлық сыныбының

вариативтік компоненті

Мектепалды даярлық «В»сынып тәрбиешісі: Байзрахмановна.У

Ақжар ауылы
2021-2022оқу жылы

Түсінік хат

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына (2016 жылғы 13 мамырдағы №292 ҚР Үкіметінің қаулысы), Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығына 1-қосымша) сәйкес жалпы білім беретін мектептердегі мектепалды даярлық сыныбына берілген 3 сағат вариативтік компонентті жүзеге асыру бағытында

«Шебер қолдар» бағдарламаның жүктемесі аптасына 1 рет өткізіледі. Барлығы 32 сағат. Мектепке дейінгі кезең – жарқын әрі адам өміріндегі қайталанбас кезең. Дәл осы кезеңде балаларда тұрмыстық ортамен, адамдар әлемімен, табиғатпен, заттар әлемімен байланыс жүргізіледі. Білуге құмарлығы дамиды, шығармашылық қызығушылықтары пайда болады. Ең қызықты көркемдік-эстетикалық бағыттың бір түрі қағаздардан бұйымдар құрастыру. Қағазбен жұмыс істеу барысында маңызды білгіштер қасиеттер, сонымен қатар шығармашылық таланттарының іргетасы қаланады.

«Шебер қолдар» бағдарлама бөлімнің мазмұны балаларда қағазбен жұмыс жасау барысында басқа да іс-әрекеттің түрлерімен байланыс жасау арқылы шығармашылық қабілеттері дамиды деп болжайды. Бағдарламаның бөлімдерін жүзеге асыру барысында мектепке дейінгі балаларда шығармашылық қабілеттерді дамытуға қажетті құралдарды таңдап алуға, жақсы нәтиже көрсетуге деген талпыныс, меңгерілген қабілеттерді еркін пайдалану, қағаздардан құрастыру арқылы түрлі бұйымдар жасау сияқты қабілеттер пайда болады. Табиғи материалдардан, қағаз және қатырма қағаз, моншақ, лента, жапырақтан, ермексаздан бұйымдар дайындау ұсынылады.

Мектепалды даярлық сыныптарға ұсынылып отырған бағдарламада оқушылардың көркем шығармасын дамытуға ұсынылады. Баланың танымы табиғат пен қоршаған ортаны түсінуі шығармашылық іс-әрекет арқылы жетіледі. Сонымен бірге, әр түрлі еңбек түрлеріне жан-жақты мағлұмат алып, оларды іскерлікпен жасай білуге тәрбиелейді. Әр түрлі әдістерді қолдануға үйретеді. Жұмыс істеу барысында балалар өздерінің технологиялық, еңбек біліктілігін, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, дүниетанымын дамыту жетістіктеріне қол жеткізеді. Бала еңбекке, іскерлікке баулу жұмыстарында баланың дербес ойлау, ізденіс, жобалау, есте сақтау, қиялы шығармашылық қасиеттері дамиды.

Мақсаты:

- Еңбек іс-әрекетінің психикалық алғы шартын қалыптастыру.
- Нәтижеге деген қызығушылық және соған деген мақтаныш сезімін ояту, сапасының жақсы болуына талпындыру.
- Технологиялық біліктілікті қалыптастыру арқылы қол икемдігін дамыту. Өз ойын жеткізуге, ақыл-ой, есте сақтау, тілін, шығармашылық қабілеттерін эстетикалық тәрбиемен ұштастыру.

Міндеті:

- Заттар әлемін құрастырудың ережелері мен технологиясы туралы білімдерін тереңдету;
- Технологиялық біліктілікті қалыптастыру арқылы қол икемділігін дамыту;

-Табиғат әлемі қолдан жасалған заттарға назар аударған жөн;

-Қауіпсіздік ережелерін сақтауға көңіл бөлу.

Тәрбиеленушілердің дайындығына қойылатын талаптар:

1.Қағаздан жыртып алу тәсілдері

2.Екі бүктелген қағаздан қиып алу

3.Элементтерді қиып алу тәсілдері

4.Үлгі бойынша қию

5.Үлкен бөлшектерді жапсыру

6.Ұсақ бөлшектерді жапсыру

7.Қазақ өрнегімен танысу

8.Геометриялық пішін элементтерін қолдану

9.Өсімдік элементтерін қолдану

10.Жануар элементтерін қолдану

11.Декорациялық панно

12.Композициялар құру

13.Жұптық және симметриялық тәсілді қолдану

Бағдарламаны жүзеге асыру сатылары:

Үйірмеге балаларды түгелдей қамту;

Балалардың қызығушылығын арттыру;

Баланы еңбекке баулу.

Бағдарламаның құрылу ерекшеліктері:

Табиғи материалдарда ажыратып олармен жұмыс істеуге баулу;

Істеген жұмысына тиянақтылыққа және ұқыптылыққа баулу;

Баланың моторикасын тамытуға.

Күтілетін нәтиже:

Балалар ұсақ-түйек бұйымдар жасай отырып мыналарды игереді:

-Адамның ең бірінші өмірлік қажет еңбек екенін түсінеді.

-Балалар өзіне-өзі қызмет етуге үйренеді.

-Бастаған істі тиянақты,тыңғылықты орындауға бейімделеді.

-Әр түрлі ойыншық,құралдар,қажетті жабдықтар,тұрмыстық заттарды қиялымен жасауға үйренеді.

-Балалардың қол икемділігі артып,стильдік қабілеттері дамиды.

-Баланың талғамы мен тәжірбиесі жоғарылап,қызығушылығы артады.

-Заттарды жобалау жұмысының амалы.

-Практикалық тәжірбие амалдарын саналы түрде пайдалану.

Жыл соңында бала білуі қажет:

Табиғи заттарды ажырату олардың қасиеті;

Жұмыстың істелу реті;

Түстерді ажырату, түстерді үйлесімді пайдалану.

Пәнаралық кіріктіру: мүсіндеу, жапсыру, бейнелеу, құрастыру, қол еңбегі

Барлық сағат саны: 32 сағат, аптасына 1 сағат, оқу іс – әрекетінің жиілігі 25-30 минут

Курсты ұйымдастыру формасы:- ұйымдастырылған оқу-іс әрекеті

Курсты аяқтау формасы:- көрме ұйымдастыру

Тәрбиеленушілердің жетістіктерін бағалау түрі:- мадақтама

Тәрбиешілерге ұсынылған әдебиеттер:

1. К.Өстеміров Д.Әлмағамбетов Б.Қалназаров/Еңбекке баулу оқыту әдістемесі 4-сынып «Атамұра» 2000ж.

2. Т.Оралбекова/Еңбекке баулу оқыту әдістемесі 3-сынып «Атамұра» 2010ж.

3. Е.Райымжанова/Еңбекке баулу оқыту әдістемесі 1-сынып «Атамұра» 1997ж.

Тәрбиеленушілерге ұсынылған әдебиеттер:

1. Еңбекке тәрбиелеу мен оқыту тұжырымдамасы // Қазақстан 18/02/1993ж/

2. Р.Қоянбаев /тәрбие теориясы/- Алматы 1991ж.

3. С.Қалиев /қазақтың салт-дәстүрлері/- Алматы 1994ж.

ТАҚЫРЫПТЫҚ – КҮНТІЗБЕЛІК ЖОСПАР
МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫП
«ШЕБЕР ҚОЛДАР»

Барлық сағат саны: 32сағат(аптасына 1 сағат)

№	Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Табиғи заттармен жұмыс «Құмырадағы гүл»	1	03.09.21ж
2	Табиғи заттармен жұмыс «Гүлдері бар құмыра»	1	10.09
3	Табиғи заттармен жұмыс «Гүлдер»	1	17.09
4	Табиғи заттармен жұмыс «Шырша»	1	24.09
5	Қатырма қағазбен жұмыс «Шоқ бұта»	1	01.10
6	Қатырма қағазбен жұмыс «Қайың»	1	08.10
7	Қатырма қағазбен жұмыс «Жүк машинасы»	1	15.10
8	Қатырма қағазбен жұмыс «Тышқан»	1	22.10
9	Моншақпен жұмыс «Балық»	1	29.10
10	Моншақпен жұмыс «Кеселерді әшекейлеу»	1	12.11
11	Моншақпен жұмыс «Майлық»	1	19.11
12	Моншақпен жұмыс «Үшбұрышты өрнектер»	1	26.11
13	Лентамен жұмыс «Кілемше»	1	03.12
14	Лентамен жұмыс «Құмырадағы қоңыраугүлдер»	1	10.12
15	Лентамен жұмыс «Көжек»	1	24.12
16	Лентамен жұмыс «Тасбақа»	1	14.01.22ж
17	Дәнді дақылмен жұмыс «Үйрек»	1	21.01
18	Дәнді дақылмен жұмыс «Машина»	1	28.01
19	Дәнді дақылмен жұмыс «Киіз үй»	1	04.02
20	Дәнді дақылмен жұмыс «Кішкентай кеме»	1	18.02
21	Майлықпен жұмыс «Жапалақ»	1	25.02
22	Майлықпен жұмыс «Сары шымшық»	1	04.03
23	Тұзды қамырмен жұмыс «Қорапша»	1	11.03

24	Тұзды қамырмен жұмыс «Көгершін»	1	18.03
25	Тұзды қамырмен жұмыс «Балапан»	1	01.04
26	Тұзды қамырмен жұмыс «Мысық»	1	08.04
27	Тұзды қамырмен жұмыс «Қой»	1	15.04
28	Түйемен жұмыс «Сиыр»	1	22.04
29	Түйемен жұмыс «Піл»	1	29.04
30	Түйемен жұмыс «Қазақ ою-өрнектері»	1	06.05
31	Түйемен жұмыс «Өрнектер»	1	13.05
32	Көрме ұйымдастыру	1	20.05
	Барлығы	32	

